

*Халықаралық туризм және меймандостық университетінің
ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша күнтізбелік 2023 жылға
ЕСЕБІ*



1

ХТЖМУ 2020-2024 жылдарға арналған Даму бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бойынша үлгерімі

2

2023 жылы өткізілген ғылыми іс-шаралар

3

«Bulletin of the International University of Tourism and Hospitality» ғылыми журналы

4

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар

5


Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарға қатысуы

6

2024 жылға жоспар



ХТжМУ 2020-2024 жылдарға арналған Даму бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бойынша үлгерімі



ХТжМУ 2020-2024 жылдарға арналған даму бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес 2023 жылдың орындалмай тұрған көрсеткіштері:

- ❖ Шетелдік серіктестермен бірлесіп жазылған монографиялар саны – 2;***
- ❖ Қызмет көрсету саласының тұтынушыларынан қолданбалы ғылыми зерттеулерді орындауда университеттің білім беру және ғылыми қызметінен түсетін кірістердің үлесі - 10 %.***

*«Түркістан туризмінің дамуында ғылымның рөлі» тақырыбында
10-14 сәуір аралығында «Ғылым қызметкерлері күніне» арналған
Ғылым апталығы аясында өткізілген іс-шаралар*

*1. «Экологиялық аймақта тұратын оқушылардың
денсаулығын нығайтуды ғылыми тұрғыдан негіздеу»
атты семинар, спикер – Б. Құрманбаев.*



*2. «Ғылыми және ғылыми-техникалық жобаларды
дайындау жолдары мен әдістері» атты семинар,
спикерлер – Б. Сиздиқов және М. Гурсой;*



«Development of tourism» студенттер арасындағы ғылыми жоба байқауы

Жастарды әлеуметтендіру бойынша форум хаттамасына сәйкес, сондай-ақ ғылыми қызметкерлер күніне орай 12 сәуірде «Development of tourism» тақырыбында студенттік ғылыми жобалар конкурсы өткізілді. Байқауға барлығы 9 ғылыми жоба келіп түсті. Конкурстық комиссия шешімімен I орын иегері Тұрлыбек Манзура дипломмен және 100 000 теңгемен, ал II орын иегері Бердібек Тамара дипломмен және 50 000 теңгемен марапатталды.



«Development of tourism» студенттік ғылыми жобалар байқауын жылда ұйымдастыру жоспарлануда.





INTERNATIONAL UNIVERSITY
OF TOURISM AND HOSPITALITY

«Туристiк дестинациялардың даму перспективалары (Түркістан облысы мысалында)» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы.

14 сәуір күні «Туристiк дестинациялардың даму перспективалары (Түркістан облысы мысалында)» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті.

Ғылыми конференцияның негізгі мақсаты - туризм және қонақжайлық саласындағы туристік дестинацияларды дамытудың өзекті мәселелері бойынша пікір алмасу. Өзге елдер мен өңірлердің туризм саласындағы мамандардың жаңа технология мен стратегияларды қолдану тәжірибесімен бөлісу болып табылады.

Халықаралық ғылыми басқосудың негізгі міндеті - туристік қызметтерді ілгерлету және туризм индустриясын дамыту мақсатында өзекті мәселелерді анықтау. Одан бөлек, қонақжайлық индустриясының ұлттық бренді қалыптастыра отырып, этномәдени дәстүрлер мен құндылықтарды трансформациялау процесін дұрыс бағалау.

Конференцияға Қазақстан, Түркия, Ресей, Ұлыбритания, Үндістан, Болгария, Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан елдерінен 130-ға жуық ғалым қатысты.





Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму
министрлігі

Ақпарат комитеті

Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік
басылымды қайта есепке қою туралы

КУӘЛІК

№ KZ84VPY00072237
Астана қ.

Берілген күні: 19.06.2023 ж.

Атауы: журнал, Bulletin of the International University of Tourism and Hospitality

Тілі: қазақша, орысша, ағылшынша

Шығу жиілігі: Жылына 4 рет

Меншік иесі: Некоммерческое акционерное общество "Международный университет туризма и гостеприимства"

Такырыптық бағыты: Туризм, қонақжайлылық, экономика және басқару


Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы, жақын және алыс шетел

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі:

29.05.2023, KZ33VPY00070924

Заместитель председателя

Есмағұл Ілияс Ізімғалиұлы




«*Bulletin of the International
University of Tourism and Hospitality*»

*ғылыми журналын ашу үшін
Қазақстан Республикасы Ақпарат
және қоғамдық даму министрлігі
Ақпарат комитетінен куәлік
алынды*



«*Bulletin of the International University of Tourism and Hospitality*»

ғылыми журналы



- ✓ Журналға келіп түскен мақалалардың әрқайсысы екі жақты соқыр шолудан және антиплагиат жүйесінен өткізіледі
- ✓ Бірінші санында 8 мақала сәтті жарияланды
- ✓ Екінші санында 12 мақала, соның ішінде 3 мақала «Жас ғалым» айдарында жарияланды
- ✓ Рецензиялауды сапа мен объективтіліктің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін сарапшылар жүзеге асырады
- ✓ Журналдың екі саны да журнал сайтында электронды түрде жарияланды.



2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру



IS.NCSTE.KZ									
Басты бет									
Конкурстар									
Ассистент									
Зерттеу/жоба тобының мүшесі									
Менің өтінімдерім									
Ғылыми-техникалық бағдарламаны (ҒТБ) тіркеу									
Ғылыми-техникалық бағдарламаны (ҒТБ) ЖТН-сіз тіркеу									
Ғылыми жобаны тіркеу									
ЖТН-сіз ғылыми жобаны тіркеу									
Менің есептерім									
қаржыландыруға арналған конкурсы (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі)									
23	AP19679687	Қазақстан туризмін әлемдік деңгейде жақсарту мақсатында саяхатшылардың пікірлері негізінде үлкен деректерді (Big Data) талдау және мәтінді өңдеу	Международный университет туризма и гостеприимства	Абдикаримова Мадина Нурбулатовна	2023 - 2025	2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурсы (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі)	ҰҒК мақұлдады	100%	Әрекет жасау
24	AP19678912	«Түркістанның туризмдік бағыттағы киелі орындарын зерттеу, цифрландыру және зерттеу жұмысы негізінде туризм мамандарын даярлайтын жаңа оқу бағдарламаларын өзірлеу».	Международный университет туризма и гостеприимства	Акимов Жаксылык Макмутович	2023 - 2025	2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурсы (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі)	Не набрал пороговый балл	100%	Әрекет жасау
25	AP19678230	Цифрлық технологияларды пайдалана отырып ағылшын тілін оқытуда туризм мамандарының коммуникативті-танымдық құзыреттілігін арттыру	Международный университет туризма и гостеприимства	Акешова Мадина Мурзахановна	2023 - 2025	2023-2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурсы (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі)	ҰҒК мақұлдады	100%	Әрекет жасау



МЕМЛЕКЕТТІК ГРАНТТЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛАТЫН ЖОБАЛАР АЯСЫНДА ӨТКІЗІЛГЕН ІС-САПАРЛАР



29.09-06.10.2023 ж. күндер аралығында «Қазақстан туризмін әлемдік деңгейде жақсарту мақсатында саяхатшылардың пікірлері негізінде үлкен деректерді (Big Data) талдау және мәтінді өңдеу» атты ғылыми-зерттеу жобасын жүзеге асыру бойынша күнтізбелік жоспарға сәйкес Аланья Алааддин Кейкубад университетінде өткен іс-сапарда жобар орындаушылары К.Адилова және Т.Абдрасилов болды.

Аланья Алааддин Кейкубад университетінде ғылыми зерттеу орталығында шетелдік жоба орындаушылары Кемал Кантаржи, Мурат Алпер және Уйсал Мурат пен жоба мақсаты мен міндеттері талқыланды. Алдымен қазіргі таңдағы Қазақстандағы туризм ахуалы талқыланды.

Іс-сапар мақсаты – туризм саласының үш негізгі құрамдас бөліктері болып есептелемін орналастыру орындары (Hotels and Hostels), азық-түлік пен сусындар (Food and Beverage) және көрікті жерлер (Attractive places) бойынша Қазақстанға саяхаттаған туристердің Tripadvisor платформасында қалдырған пікірлері мен шолуларына сентимент анализ және статистикалық модельдеу әдістерін қолдану арқылы (text analysis) мәтіндік талдау. Жобаның ауқымы үш негізгі туристік индустрияның құрамдас бөліктері ретінде орналастыру орындары (Hotels and Hostels), тамақ пен сусындар (Food and Beverage), көрікті орындардың (Attractive places) бәсекеге қабілеттілігі, және сұраныс мөлшерін анықтау.



22.11.-29.11.2023ж. күндері аралығында «Цифрлық технологияларды пайдалана отырып ағылшын тілін оқытуда туризм мамандарының коммуникативті-танымдық құзыреттілігін арттыру» атты гранттық жобаның күнтізбелік жоспарына және іс-сапар жоспарына сәйкес жобаны орындау мақсатында жоба орындаушылары М.Акешованы және Г.Юсупованы Алматы қаласы Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық қатынастар және Әлем тілдері Университетіне іс-сапарда болды. Ғылыми-зерттеу іс-сапарынан өту барысында жоба жетекшісі М.Акешова және жоба орындаушысы Г.Юсупова ағылшын тілін оқытуда цифрлық технологиялар курсын тыңдады (72 сағат) және сертификаттар алды. Сондай-ақ, университеттің ПОҚ-нан құнды әдістемелік және ғылыми ұсыныстар алынды.



Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар

- ❖ *ЖАС ҒАЛЫМДАР БОЙЫНША - 5 ЖОБА ӘЗІРЛЕНІП, ҰСЫНЫЛДЫ;*
- ❖ *ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ЖОБАЛАР БОЙЫНША - 16 ЖОБА ӘЗІРЛЕНІП, ҰСЫНЫЛДЫ;*
- ❖ *ІШКІ БЮДЖЕТТІК ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖОБАСЫ БОЙЫНША – 1 ЖОБА ӘЗІРЛЕНІП, ҰСЫНЫЛДЫ.*



III студенттік ғылыми-теориялық конференция



- ❖ II студенттік ғылыми-теориялық конференциясының нәтижесі бойынша Республикалық байқауда жүлделі орын алып, Ғылым және жоғары білім Министрінің дипломымен 3 студент марапатталды;
- ❖ III Студенттік ғылыми-теориялық конференцияда 5 секция жұмыс жасап, 138 баяндама тыңдалып, 36 студент жүлделі орындармен марапатталды;
- ❖ Үздік 3 мақала «Bulletin of the International University of Tourism and Hospitality» ғылыми журналының №2 санына «Жас ғалым» айдарында жарияланды;
- ❖ Секция қорытындысы бойынша орын алған студенттердің жұмыстары толықтырылып Республикалық студенттердің ғылыми зерттеу байқауына жолданатын болады.



Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларына профессор-оқытушылық құрамының қатысуы



2024 жылға жоспар

1. «Bulletin of the International University of Tourism and Hospitality» ғылыми журналының 2024 жылғы № 1 санын наурыз айында жариялау;
2. «Қазақстан туризмін әлемдік деңгейде дамыту: мәселелері және перспективалары» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясын 9 сәуір күні өткізу;
3. «Түркістан - Түркі әлемінің туристік астанасы» форумы аясында «Turkestan, Tourism and Hospitality development» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясын 2-3 қазан күндері өткізу;
4. «Development of tourism in Kazakhstan» Студенттер арасындағы ғылыми жоба байқауын 12 сәуір күні өткізу;
5. Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру конкурсына 400 млн тг құрайтын жоба әзірлеу



Назарларыңызға рақмет!

